

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Физика-техникалық факультеті**

**Плазма физикасы, нанотехнология және компьютерлік физика  
кафедрасы**

**Туреханова К.М.**

**ЖОО-дағы физиканы оқытудың заманауи әдістері**

**пәні бойынша дәрістер жинағы**

**«7M01501-Физика» білім беру бағдарламасы**

**бойынша білім алушы студенттерге арналған**

**Алматы, 2025**

*Дәріскер: Туреханова К.М. [turekhanova.kunduz@kaznu.kz](mailto:turekhanova.kunduz@kaznu.kz)*



## ЖОО-дағы физиканы оқытудың заманауи әдістері.



### Дәріс 9.

**Физикадан оқу процесін жоспарлау. Білім стандарты, оқу жоспары, типтік бағдарлама, ғылыми-әдістемелік кеңес, тақырыптық жоспарлау, сабақ жоспары**

#### Лекция мақсаты

Қазақстандық білім стандартының мазмұнын түсіндіру; Физика бойынша оқу жоспары, типтік бағдарлама және силлабус арасындағы байланысты көрсету; Тақырыптық және сабақ жоспарлау алгоритмін сипаттау; Магистранттарды оқу-әдістемелік құжаттармен сауатты жұмыс істеуге үйрету.

**Қарастырылатын мәселелер:** Білім стандарты (ГОСО) және оның құрылымы; Оқу жоспары: мазмұны, функциясы және иерархиядағы орны; Типтік (үлгілік) оқу бағдарламасы (ТҮБ); Ғылыми-әдістемелік кеңестің рөлі; Тақырыптық жоспарлау; Сабақ жоспары (конспект) және оның компоненттері

#### Қысқаша конспект

##### *Білім стандарты (ГОСО)*

Білім стандарты – ел бойынша бірыңғай талаптарды белгілейтін базалық нормативтік құжат.

- тұлғалық, пәндік және метапәндік нәтижелерді анықтайды;
- пәндердің минималды мазмұнын белгілейді;
- оқу жүктемесінің төменгі шегін реттейді;
- ЖОО-дағы оқу жоспары осы құжатқа сүйенеді.

##### *Оқу жоспары*

Оқу жоспары – мамандық бойынша білім алушылар игеруі тиіс пәндер жүйесі, сағат/кредит көлемі, семестрлік құрылымы, практика және қорытынды аттестация элементтері көрсетілген негізгі құжат.

- мамандық бағытын айқындайды (мысалы, физика мұғалімі);
- міндетті және таңдау компоненттерін көрсетеді;
- әр пәннің оқытылуына жауапты кафедра анықталады;
- студенттің оқу траекториясын реттейді.

##### *Типтік (үлгілік) бағдарлама*

*Дәріскер: Туреханова К.М. [turekhanova.kunduz@kaznu.kz](mailto:turekhanova.kunduz@kaznu.kz)*

Типтік бағдарлама – пәннің мақсаты, міндеттері, тақырыптық мазмұны, сағат саны, әдебиеттер тізімі және бақылау түрлерін қамтитын нормативтік құжат.

- оқытушының жұмыс бағдарламасын (силлабус) әзірлеуге негіз болады;
- тақырып атауы және сағат көлемін береді;
- пән бойынша күтілетін нәтижелер көрсетіледі;
- бақылау түрлері (ағымдық, аралық, қорытынды) беріледі.

#### *Ғылыми-әдістемелік кеңес рөлі*

Ғылыми-әдістемелік кеңес оқу бағдарламалары, оқу жоспары, силлабустар, бағалау жүйесін талқылайтын және бекітетін академиялық орган.

- оқу-әдістемелік материалдарды сараптау;
- бағдарламалар арасындағы үйлесімділікті тексеру;
- оқу процесіндегі жаңартулар мен өзгерістерге ұсыныс беру;
- оқытудың заманауи әдістерін енгізу.

#### *Тақырыптық жоспарлау*

Тақырыптық жоспарлау – пән мазмұнын тақырыптар бойынша бөлу, әр тақырыпқа сағат көлемін, оқыту формасын, әдістерін, бақылау түрлерін анықтау процесі.

- тақырып атаулары және сағат саны;
- оқыту формасы (дәріс, семинар, зертхана);
- қолданылатын әдістер;
- бақылау элементтері;
- өздік жұмыс көлемі (СӨЖ/СӨЖО).

#### *Сабақ жоспары (конспект)*

Сабақ жоспары – оқытушының нақты бір сабақты ұйымдастыруға арналған операциялық құжаты.

- Сабақтың мақсаты (Bloom таксономиясына сай);
- Сабақ құрылымы (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды);
- Әдістер мен құралдар;
- АКТ қолдану элементтері;
- Бақылау және бағалау;
- Үй тапсырмасы және рефлексия.

#### *Физика сабағын жоспарлауда ескерілетіндер*

- қауіпсіздік ережелері (әсіресе зертханалық жұмыстарда);
- материалдық-техникалық база (құралдар, датчиктер);
- оқу аудиториясының мүмкіндіктері;
- студенттердің дайындық деңгейі;
- пәнаралық байланыс;

– критериалды бағалау жүйесі.

Жоспарлау иерархиясы

Мемлекеттік стандарт → Оқу жоспары → Типтік бағдарлама → Жұмыс бағдарламасы (силлабус) → Тақырыптық жоспар → Сабақ жоспары

*Магистранттарға тапсырмалар*

1) Өз пәніңіз бойынша тақырыптық жоспар құрастырыңыз (кемінде 5 тақырып).

2) Бір тақырыпқа сабақ жоспарын әзірлеңіз (оқыту әдісі және бағалау критерийлерімен).

3) Типтік бағдарлама мен силлабус арасындағы байланысты түсіндіріңіз.

*Негізгі терминдер және анықтамалар*

Білім стандарты – білім беру деңгейлері бойынша талаптарды белгілейтін негізгі құжат;

Оқу жоспары – мамандық бойынша оқу пәндерінің құрылымын анықтайтын құжат;

Типтік бағдарлама – пән мазмұны мен мақсаттарын көрсететін нормативтік құжат;

Тақырыптық жоспар – пән бөлімдерінің уақытқа бөліну жоспары;

Сабақ жоспары – нақты сабақты ұйымдастыруға арналған құжат.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Білім стандарты қандай қызмет атқарады?
2. Оқу жоспарының негізгі элементтерін атаңыз.
3. Типтік бағдарламаның құрылымын сипаттаңыз.
4. Ғылыми-әдістемелік кеңес қандай функциялар атқарады?
5. Тақырыптық жоспарлаудың кезеңдерін атаңыз.
6. Сабақ жоспары қандай компоненттерден тұрады?

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. ҚР «Білім туралы» Заңы (2007 ж., өзгерістермен).
2. ҚР МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты.
3. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары.
4. Физиканы оқыту әдістемесі бойынша оқу құралдары.
5. Университеттің оқу-әдістемелік құжаттары.